

АУДИТТІ АЯҚТАУ

24.03.2022

«Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ

Осы хабарлама біздің аудиторлық тексеру жүргізуімізде дайындалған, тиісті шектеулерге ие және тек корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың (мысалы, Директорлар кеңесі және аудит жөніндегі Комитет) және қажет болған жағдайда Компания басшылығының ақпараты мен пайдалануына арналған, өзге тұлғаларға арналмаған және жоғарыда көрсетілгендерден басқа ешбір өзге тұлғалар пайдаланбауы тиіс.



Тел.: +7 727 331 31 34
Факс: +7 727 331 31 35
info@bdoqz.com
www.bdoqz.com

Tel: +7 727 331 31 34
Fax: +7 727 331 31 35
info@bdoqz.com
www.bdoqz.com

ТОО "BDO Kazakhstan"
ул. Бухар Жырау, 23
Алматы, Қазақстан
A15A0E2

"BDO Kazakhstan" LLP
23 Bukhar Zhyrau Ave.
Almaty, Kazakhstan
A15A0E2

24.03.2022

«Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ басшылығына

Біз 2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның (бұдан әрі – «Қор») қаржылық есептілігіне аудиторлық тексеру жүргізу нәтижелерін ұсынуға қуаныштымыз. Осы хабарламаның мақсаты – «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ басшылығы үшін қызығушылық тудыратын аудиттің белгілі бір аспектілерін қысқаша түрде тұжырымдау. Ол қаржылық есептілік және аудиторлық тұжырым жобасымен бірге қарастырылуы керек.

Кәсіби стандарттар аудит мәселелері туралы сізді хабардар етуімізді міндеттейді, олар біздің кәсіби пікіріміз бойынша маңызды және қаржылық есеп беру процесін қадағалау бойынша Сіздің міндеттеріңізге байланысты. Бұған дейін біз 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ қаржылық есептілігіне, аудиттің жалпы мақсаттарына, сондай-ақ, аудит бойынша жоспарланатын жұмыстың мерзіміне, көлеміне және сипатына қысқаша шолуды қоса алғанда, 2022 жылдың 12 қаңтарында аудиторлық тексеру жүргізу жөніндегі жоспарымызға шолу жасадық.

Берілген хабарлама аудиторлық тексерудің маңызды нәтижелерін, оның ішінде «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның сапалық аспектілеріне, бухгалтерлік есептің әдістері мен принциптеріне, басшылықтың пікірі мен бағасына, қаржы есептілігінде ақпаратты ашып көрсету және өзге қажетті мәселелерге қатысты көзқарасымызды нақтылауға арналған.

Аудиторлық тексеру және сәйкесінше бұл есеп «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ басшылығы өз міндеттерін орындау кезінде қызығушылық тудыруы мүмкін барлық мәселелерді міндетті түрде анықтай бермейді.

Бұл хабарлама «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ басшылығының қолдануына ғана дайындалған және біздің алдын ала келісімімізсіз таратылмауы тиіс. Демек, осы хабарлама арқылы ақпаратты пайдаланатын үшінші тарап алдында біз жауапты болмаймыз.

Біз «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның қызметтерін ұсынуға қуаныштымыз және қажет болған жағдайда аудиторлық тексеру нәтижесін және Сізді қызықтыруы мүмкін өзге мәселелерді талқылау, сондай-ақ кез-келген сұрақтарға жауап беру үшін кездесуге дайынбыз.

Ізгі құрметпен,

Т.А Омаров
«BDO Kazakhstan» ЖШС директоры

Аудитор Т.А Омаров
Қазақстан Республикасының білікті аудиторы
Аудитордың № МФ-0000237 біліктілік куәлігі
1996 жылғы 29 сәуірде Аудиторлар палатасының
Қазақстан Республикасының аудиторлығына кандидаттарды
аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясымен берілді



Талқылау жоспары

Беті

Аудиторлық тексерудің мәртебесі.....	Ошибка! Закладка не определена.
Аудиторлық тексерудің нәтижелері.....	Ошибка! Закладка не определена.
Ішкі бақылау мәселелері	Ошибка! Закладка не определена.
Өзге қажетті хабарламалар.....	Ошибка! Закладка не определена.
Қызметтер мен сыйақыларға қысқаша шолу жасау	Ошибка! Закладка не определена.

Аудиторлық тексерудің мәртебесі

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және аяқталған жылға қаржылық есептілікке аудиторлық тексеру жүргізу аяқталды.

АУДИТ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Біздің аудиторлық тексеру жүргізу Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілді.

- ▶ Біздің қаржылық есептілікке аудиторлық тексеру жүргізу мақсатымыз қаржылық есептілікте жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателік салдарынан елеулі бұрмаланудың болмайтынына орынды сенімділікке қол жеткізу.
- ▶ Аудитті жоспарлау кезеңінде орындалған жұмыс көлемі өзгеріссіз қалды.
- ▶ Қаржылық есептілік аудиті бойынша аудиторлық топ айқындаған маңыздылық деңгейін пайдалана отырып, біздің рәсімдеріміз негізгі шоттар бойынша жүргізілді. Негізгі емес шоттарға қатысты аудиторлық топ анықтаған шектеулі рәсімдер жүргізілді;
- ▶ Біз қаржылық есептілік туралы сөзсіз оң аудиторлық қорытынды шығаруды жоспарлап отырмыз.
- ▶ Біз аудиторлық есепке мынадай назар аударатын мазмұндағы Параграфты қосуды жоспарлап отырмыз:

Есепті күннен кейінгі оқиғаларға байланысты қаржы активтеріне қатысты елеулі белгісіздік

8-ескертпеде өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің құрамында жалпы баланстық құны 832.880 мың теңге болатын «Банк ВТБ» АҚ еншілес ұйымының корпоративтік облигациялары ұсынылғандықтан, біз 23-ескертпедегі есепті күннен кейінгі оқиғаларға назар аударамыз, Қордың қызметіне Ресейдің Украинадағы әскери операциясының басталуымен байланысты оқиғалар әсер ететіндігін көрсететін қаржылық есептілік, өйткені Қор активтерінің бір бөлігі тікелей немесе жанама түрде Ресейге қарсы санкцияларға ұшыраған банктердің қаржы құралдарына салынған, атап айтқанда «Банк ВТБ» АҚ еншілес ұйымының облигациялары. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарының бастапқы нарығында Қордың қызмет көрсетуші брокері «Ресей Сбербанкі» АҚ-ның еншілес банкі болып табылады. Осы мән-жайлар 23-ескертпеде баяндалған басқа мәселелермен қатар қаржы активтерінің әділ құнының төмендеуіне байланысты Қор шығындарының едәуір ұлғаюына әкелуі мүмкін елеулі белгісіздіктің болуын көрсетеді.

Біз бұл мәселеге байланысты өзгертілген пікір білдірмейміз.

- ▶ Барлық сұралған құжаттар мен ақпарат біздің аудиторлық тексеру жүргізуіміз үшін ұсынылды және еркін қолжетімділікте орналысты.
- ▶ Басшылық тарапынан ынтымақтастық өте жақсы болды. Біз тексеру жүргізу барысында сұраған барлық ақпаратқа толық қол жеткіздік және біздің жұмыс барысында «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ барлық деңгейіндегі қызметкерлер тарапынан көрсетілген жан-жақты көмегі үшін ризашылығымызды білдіреміз.

Аудиторлық тексерудің нәтижелері

ҰЙЫМНЫҢ ӘДЕТТЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНЕН ТЫС ЕСЕП САЯСАТЫ, ПРАКТИКАСЫ, БАҒАЛАУЫ ЖӘНЕ МАҢЫЗДЫ МӘМІЛЕЛЕРІ

«Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның, бұдан әрі Қордың есеп саясаты, практикасы және бағалау мәндеріне қатысты біздің аудитпен байланысты аса маңызды қажетті хабарламалар төменде қысқаша мазмұндалған:

Қордың маңызды есеп саясаты мен практикасы қаржылық есептілігінде есеп саясатының негізгі ережелеріне енгізілген есептің осы әдістері мен қағидалары орынды болып табылады, Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына және салалық практикаға сәйкес келеді, қаржылық есептіліктің есеп саясатының негізгі ережелерінде дәйекті және тиісті түрде қолданылды.

- ▶ Бухгалтерлік есеп саласында жақында жарияланған жаңа енгізілімдердің қысқаша шолуы Қордың қаржылық есептілігінің жаңа немесе қайта қаралған стандарттары мен түсіндірмелерін қолдану бөліміне енгізілген (3-ескертпе).
- ▶ Қор күшіне енген жаңа есеп стандарттарын және қолданыстағы стандарттарға түзетулерді қолданды.
- ▶ 7 ХҚЕС (IFRS), 9 ХҚЕС (IFRS) және 39 ХҚЕС (IAS), 4 ХҚЕС (IFRS) және 16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер – «Базалық пайыздық мөлшерлемені реформалау – 2-кезеңі». Бұл түзетулер қаржылық есептілікке әсер етпейді.
- ▶ 16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер – «Covid-19 пандемиясына байланысты жалға беру бойынша жеңілдіктер». Бұл түзету қаржылық есептілікке әсер етпейді.
- ▶ 2021 жылғы қаржылық есептілікте маңызды есеп саясаты мен практикасында басқа өзгерістер болмады.

Маңызды бағалау мәндері көбінесе мәні бойынша белгісіз болып табылатын осындай мәселелердің әсерін бағалау қажеттілігі нәтижесінде басшылықтан ең күрделі, субъективті немесе күрделі пайымдауларды қабылдауды талап етеді. Компанияның негізгі бағалау мәндері, оның ішінде процестерді сипаттауды және бағалауды әзірлеу кезінде басшылықтың қолданылған негізгі жорамалдарын қоса алғанда, қаржылық есептілігінің есеп саясатының негізгі ережелерінде ашып көрсетілген.

Бағалау мәндері келесілерді қамтыды:

Қаржы активтерінің өділ құны

Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау

Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру және зиянды өтеу резервтері

Қызметкерлерге демалыс ақысын төлеуге арналған резервтер

Инвестициялық табыс

Салық салу

- ▶ Басшылық 2021 жыл ішінде бағалау мәндерін әзірлеу үшін пайдаланылған процестерге немесе маңызды болжамдарға айтарлықтай өзгерістер енгізген жоқ.

Аудит ерекше қызметтегі маңызды мәмілелерді анықтаған жоқ.

Аудиторлық тексерудің нәтижелері

ТҮЗЕТІЛГЕН ЖӘНЕ ТҮЗЕТІЛМЕГЕН БҰРМАЛАНУЛАР

Талдамалық рәсімдерді жүргізу барысында, толассыз тестілерді өткізу және бақылауларды тестілеу, мәні бойынша тестілерді өткізу кезінде ескертулер орнаттық, олар басшылыққа уақтылы хабарланды. Бухгалтерлік есепке жауапты тұлғалар бірқатар ескертулерді дер кезінде жойды.

Біз 2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші қаржылық есептілігін дайындау кезінде ескерілген қаржылық есептіліктің ескертпелерінде ақпаратты ашып көрсетулерді жетілдіруде бірқатар ұсынымдар бердік.

Қаржылық есептілікте айтарлықтай түзетілмеген бұрмаланулар болмады.

ҚОР ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ САПАСЫ

Қордың қаржылық есептілігінің сапасына қатысты талқылау жүргізілді, оның ішінде:

- ▶ Маңызды есеп саясаты мен практиканың сапалық аспектілері
- ▶ Бухгалтерлік есеп саласындағы негізгі саясат пен практиканы бағалау
- ▶ Біздің маңызды бағалау мәндеріне қатысты тұжырымдарымыз
- ▶ Кәдімгі қызметтен тыс маңызды мәмілелер
- ▶ Қаржылық есептілікке ашып көрсетулерді ұсыну
- ▶ Қаржылық есептілікке ашып көрсетулерді ұсыну
- ▶ Есепке алудың балама әдістері.

Ішкі бақылау мәселелері

Біздің қаржылық есептілік аудитін жоспарлау және орындау кезінде біз Қордың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, қаржылық есептілік туралы пікірімізді білдіру мақсатында аудиторлық рәсімді әзірлеу үшін негіз ретінде Қордың қаржылық есептілігін («ішкі бақылау») дайындауға сәйкес келетін ішкі бақылау жүйесін қарастырдық.

Егер біз ішкі бақылауға қатысты кең ауқымды рәсімдер жасасақ, онда біз кемшіліктерді анықтап, ұсына аламыз немесе кейбір кемшіліктер туралы есеп берудің қажеті жоқ екенін тұжырымдай аламыз.

Біз Қор басшылығына аудит жүргізу барысында анықталған ішкі бақылау жүйесіндегі барлық негізгі кемшіліктер туралы жазбаша түрде хабарлауға міндеттіміз. Ішкі бақылау саласындағы кемшіліктер мен негізгі кемшіліктердің анықтамалары төменде көрсетілген:

Категориясы	Анықтамасы
Кемшілігі	Ішкі бақылау жүйесіндегі кемшілік мына жағдайда болады: (a) Бақылау элементі қаржылық есептіліктегі бұрмалануды уақтылы болдырмауға немесе анықтауға және түзетуге қабілетсіз етіп жасалған, жүзеге асырылған немесе іске қосылған; немесе (b) Қаржылық есептіліктегі бұрмалаудың уақтылы алдын алуға немесе анықтауға және түзетуге қабілетті бақылау элементі жоқ.
Негізгі кемшілік	Ішкі бақылаудың негізгі кемшілігі ішкі бақылау жүйесіндегі кемшілік немесе кемшіліктердің жиынтығы ретінде анықталады, ол аудитордың кәсіби пікірі бойынша өте маңызды және корпоративтік басқаруға жауапты адамдардың назарына лайық.

Тексеру барысында келесі маңызды кемшіліктерді атап өттік, оның ішінде олардың ықтимал салдарын түсіндірдік:

Маңызды кемшілігі	Елеулі кемшіліктің ықтимал салдары	Басшылық реакциясы
Қордың есеп саясатына сәйкес: егер осы негізгі құралдар негізгі құралдардың мынадай жіктелімдерінің біріне жататын болса, Қор негізгі құралдарды «қайта бағаланған құны бойынша ескерілетін негізгі құралдар» санаты бойынша жіктейді: – ғимараттар мен құрылыстар; – жер телімдері; – автокөлік құралдары. Іс жүзінде негізгі құралдардың барлық жіктелімдерін есепке алу негізгі құралдардың объектісі актив ретінде танылғаннан кейін жинақталған амортизация мен құнсызданудан болған жинақталған шығындар сомасын шегере отырып, өзінің	Есеп жүргізу қағидаттарының есеп саясатында көрсетілген қағидаттармен сәйкес келмеуі, бұл қаржылық есептілікте елеулі бұрмалануларға әкелуі мүмкін.	Қордың есеп саясатын әзірлеу кезінде 2020 жылдың көктемінде Қордың Директорлар кеңесі Қордың меншікті ғимаратын ұстаудың орындылығы туралы мәселені талқылады. Талқылау Қордың ғимаратын сату және Қордың жалға алынған үй-жайларға көшу ықтималдығын болжады. Осыған байланысты ғимараттарды, құрылыстарды, жер учаскелерін қайта бағаланған құны бойынша есепке алу тәсілі есеп саясатының жобасына салынды. Осы нұсқада есеп саясатын Қордың Директорлар кеңесі 2020 жылғы

Ішкі бақылау мәселелері

бастапқы құны бойынша есепке алынуға тиіс деп болжанатын бастапқы құнымен есепке алу моделі бойынша жүзеге асырылады.

29 мамырда бекітті. Алайда, аталған мәселені талқылау ұзаққа созылғандықтан (ол тек 2022 жылдың қаңтарында аяқталды, Қор акционерлерінің жалпы жиналысы – Қордың жоғарғы органы – Қор ғимаратын оның меншігінде қалдыру туралы шешім қабылдаған кезде), Қор іс жүзінде ғимараттарды, құрылыстарды, жер учаскелерін нақты шығындар бойынша, яғни жинақталған амортизация сомасын шегере отырып, бұл ретте өз есеп саясатын тиісті түрде түзетпей, бастапқы құны бойынша есепке алуды жалғастырды.

Қор басшылығы Қордың есеп саясатын оның қызметінің практикасына сәйкес келтіру қажеттілігін жоққа шығарғанын мойындайды және қысқа мерзімде ғимараттарды, құрылыстарды, жер учаскелерін нақты шығындар бойынша ескерілетін негізгі құралдар санатына жатқызу жолымен Қордың есеп саясатына өзгерістер дайындайды.

Хабарға аудитор тексеру барысында анықтаған және оларға қатысты аудитор оларды Қор басшылығының назарына жеткізу үшін жеткілікті маңызды деген қорытындыға келген кемшіліктер ғана енгізіледі.

Өзге қажетті хабарламалар

Төменде өзге қажетті ақпараттық хабарламаларға, сондай-ақ, Қорға қатысты талқылаудың нақты тармағына шолу жасалады.

Біз келесіде Қор басшылығымен бірге қатысып және олардың орындылығын растаған басшылық жасаған байланысты хабарламалар жоқ екенін ескеріңіз.

Талап	Талқылау мәселелері
Жоспарланған аудит стратегиясына маңызды өзгерістер немесе бастапқы анықталған маңызды тәуекелдер	Аудитті жоспарлау мәселелері бойынша біздің ақпараттық өзара іс-қимылымыз шеңберінде бастапқыда анықталған және Қор басшылығына хабарланған жоспарланған аудит стратегиясында қандай да бір маңызды өзгерістер немесе тәуекелдер болған жоқ.
Аудитке қатысты басшылықтан алынған ақпарат	Аудитті жүргізуге қатысты қандай да бір сұрақтар болған жоқ, соның ішінде, мұнымен шектелмей: заңнаманы немесе ережелерді бұзу немесе ықтимал бұзу: алаяқтық тәуекелін қоса алғанда, мәнді бұрмалаулар тәуекелі: немесе Қордың қаржылық есептілігіне қатысты келесі сұрауларды жолдау нәтижесінде біздің назарымызға жеткізілген ұсынымдар мен шағымдар байқалған жоқ: • Біз білуге тиісті алдыңғы талқылауларымыздан бастап жосықсыз әрекеттерге қатысты қандай да бір жаңа процестер мен қазіргі процестерде өзгерістер бар ма; • Сіз нақты, болжалды немесе күдікті алаяқтық, заңдар мен ережелерді сақтамау немесе Қорға қатысты өзге де заңсыз актілер туралы білесіз бе.
Басқа бухгалтерлермен кеңесу	Басшылық пен басқа тәуелсіз бухгалтерлер арасындағы бухгалтерлік есеп немесе аудит мәселелеріне қатысты қандай да бір консультация бізге беймәлім. Сондай-ақ, басшылықтың басқа тәуелсіз бухгалтерлерден жалпы қабылданған бухгалтерлік есеп қағидаттарын қолдану туралы алған пікірлері бізге беймәлім.
Мәселе	Қаржылық есептілікке әсері
Байланысты тараптарына қатысты аудит барысында туындайтын маңызды мәселелер	Біз байланысты тараптармен жасалған мәмілелер мен өзара қарым-қатынастар айқындалғанын, көрсетілгенін және ашылғанын бағаладық, сондай-ақ, алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде байланысты тараптармен жасалған мәмілелер мен өзара қарым-қатынастардың әсері қаржылық есептіліктің дұрыс ұсынуына кедергі болатындығын қарастырдық.
Басшылықпен келіспеушілік	Басшылықпен қанағаттанарлық түрде шешілген немесе шешілмеген мәселелерге қатысты қандай да бір келіспеушіліктер Қоғамның қаржылық есептілігі немесе біздің аудиторлық есеп үшін жеке-жеке немесе жиынтықта маңызды болуы есептелмеді.
Басшылықтың өзге маңызды ақпаратпен өзара әрекеттесуі	Біз аудитке байланысты дайындаған басшылыққа жіберілген барлық маңызды жазбаша хабарламалардың көшірмелерін Қор басшылығына ұсындық.

Өзге қажетті хабарламалар

Талап	Талқылау мәселелері
Басшылықтың мәлімдемесі	2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілігін дайындау және бекіту жауапкершілігі туралы басшылықтың мәлімдемесі қаржылық есептілікте ұсынылды.

Қызметтер мен сыйақыларға қысқаша шолу жасау

Біз бұған дейін міндеттеме-хаттар жіберіп, 2021 жылға арналған аудит жүргізуге Қор басшылығынан алдын ала келісім алдық. Сонымен қатар, кейде Қор бізден қосымша бекітілген қызметтерді орындауды сұрай алады. Біз Қор басшылығының алдын-ала мақұлдауынсыз ешқандай қызмет көрсетпеуге келісеміз және Қор басшылығы бізден сұралған кез-келген қызметті алдын-ала мақұлдауын қамтамасыз ететін тиісті саясаттар мен процедураларды орындауға келіседі.

Төменде 2021 жылы көрсетілген немесе жоспарланған қызметтердің тізбесі, сондай-ақ осы қызметтер үшін сыйақы мөлшері келтірілген:

Бұрын бекітілген	Есептелген сыйақы / есептеу негізі
Аудиторлық қызметтер	ҚҚС есебімен 7,840,000 теңге
